Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы
№ 30 КЕЛІСІМ ШАРТ

Асықата кенті 27.08.2013г.

«Асықата кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі 05.15.2013ж 46-1958-10-ММ Ережесі негізінде әрекет етуші Асықата кенті әкімі Б.Сериков,(әрі қарай "Тапсырыс беруші"), бір жағынан Жарғы мен заңды тұлғаны тіркеу туралы 16.05.2012ж 333-1958-05-ЖШС куәлік негізінде әрекет етуші **"Сәулет–Құрылыс– У.М. "ЖШС-нің директоры**, бұдан әрі аталуы **Мердігер** атынан М.Умбеталиев. екінші жағынан ҚР „Мемлекеттік сатып алу туралы" №303 Заңының 28 бабының 1 тармағының 3 тармақшасы және 32 бабының 2 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі 123 – қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент ауыл /село/ ауылдық селолық/ округ әкімінің аппараты бағдарлама 011- Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру, кіші бағдарлама 000 – , ерекшелік 159– Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу, 168 – «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару,». №15 20.08.2013ж Хаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы Келісім шарт түзіп, мына төмендегі келісімге келді:

Келісім шарттың мәні мен бағасы

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – **ОҚО "Мақтарал ауданының экономика және қаржы бөлімі"** Тапсырыс беруші: **"Асықата кенті әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі, "ОҚО Мақтарал ауданы Асықата кентін абаттандыру жұмыстарын мемлекеттік сатып алу"** жөніндегі 2013жылы конкурс жариялады және **34 496 000-00 (Отыз төтр миллион төрт жүз тоқсан алты мың) теңге 00 тиын** мөлшерінде Мердігердің осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылдады. **"Мақтарал ауданының экономика және қаржы бөлімінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы" Мақтарал аудан әкімдігінің** 2013 жылға Келісім шарттың жалпы сомасы **34 496 000-00 (Отыз төтр миллион төрт жүз тоқсан алты мың) теңге 00 тиын** құрайды. "Сәулет – Құрылыс – У.М." ЖШС –гі ҚҚС төлеуші болып табылады.

Бюджетпен қаржыландыратын ұйымдар үшін Мақтарал аудандық Қазынашылық басқармасында тіркелген күннен бастап келісім-шарт күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады және 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді. **Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі 123 – қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент ауыл /село/ ауылдық селолық/ округ әкімінің аппараты бағдарлама 011- елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру, кіші бағдарлама 000 – , ерекшелік 159– өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу, ерекшелік 168 – «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару »**

Шарттың жалпы соммасы 34 496 000-00(отыз төрт миллион төрт тоқсан алты мың)_теңге 00 тиын . Соның ішінде:

159– «өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша – 30 800 000-00 (отыз миллион сегіз жүз мың) теңге 00 тиын

168 - «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару» ерекшелігі бойынша - 3 696 000-00 (үш миллион алты жүз тоқсан алты мың)_теңге 00 тиын

ОҚО "Мақтарал ауданының экономика және қаржы бөлімі" аталған сомаға тапсырыс қабылдауды . "Сәулет – Құрылыс – У.М." ЖШС-не міндеттенеді және бұл сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары, қосымша құн салығы, сметада карастырылған материалдарды жабдықтарды сатып алу шығындары жатады.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2. Тапсырысшы Мердігерге орындалған жұмыс көлеміне осы келісім - шарт бойынша 2013 жылға осы Шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.

Төлем тәсілі - нақтылы емес.

3. Келісім - шарт бойынша төлем, бюджеттік бағдарламаға сәйкес Тапсырысшының есеп шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты және орындалған жұмыс актілерінің инжинирингілік қызмет көрсетуші "Инженердің" қол қойымен, рәсімделген орындалған жұмыс актілері мен анықтамаларына (Ф-№ 2,3) сәйкес, Тапсырыс берушінің есеп шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты жүргізіледі.

4. Ай сайынғы орындалған жұмыстардың актілері қабылдау өткізу 2013 жылдың әр айдың 25-шы (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

5. Тапсырысшы авансты барабар ұстау кестесіне кейінгі ұстаумен Мердігердің есеп шотына келісім шарттың жалпы құнынан 3 пайыз - 1 034 880 (Бір миллион отыз төрт мың сегіз жүз сексен) көлеміндегі сомадан аспайтын авансты, оның ішінде 159– «өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша - 924 000-00 (Тоғыз жүз жиырма төрт мың). 168 - «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару» ерекшелігі бойынша - 110 880-00 (Бір жүз он мың сегіз жүз сексен теңге 00 тиын) қаржыны

Тапсырысшының есепшотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты 2013 жылдың казанға дейін төлейді. Мердігер төленген авансты осы қосымша келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге пайдалануы тиіс. Қосымша келісім бойынша қалған 97 пайыз 33 461 120 (Отыз үш миллион төрт жүз алпыс бір мың жүз жиырма), оның ішінде 159– «өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 29 876 000 (Жиырма тоғыз миллион сегіз жүз жетпіс алты мың), 168 - «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару» ерекшелігі бойынша 3 585 120-00 (Үш миллион бес жүз сексен бес мың бір жүз жиырма) көлеміндегі сомадағы төлемді Мердігердің жұмыстарды орындауына және каржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік қаражаттардың түсуіне байлаысты 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін ай сайын жүргізіледі.

6. Мердігер авансты алған күннен Тапсырыс берушінің талабымен авансты максатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды Тапсырыс берушіге өткізеді.

8. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Тапсырыс беруші Келісімшарт Мердігерге түпкілікті төлем ақы Мердігердің атқарылған жұмыс көлемінің кесімді сомасынан Тапсырысшы орындалған жұмыс құнының 5 пайызын ұстап қалып, Мердігерге барлық жұмыстарды өндірістік кестесіне сәйкес орындап болғаннан кейін және кемшіліктер мен шала істелген жұмыс тізімдерін жойғаннан кейін , сондай-ақ салынған нысанның пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсынғаннан кейін төленеді.

9. Төменде аталған құжаттар Келісімшартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1. жобалық-сметалық құжаттама;
2. Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілі;
3. жұмыстардың өндірістік кестесі;
4. авансты өтеу кестесі;
5. каржыландыру жоспары.

Міндеттемерді орындау мерзімдері

10. Мердігер Келісімшартты түзген күннен 10 жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамада көрсетілген шарттағыдай Келісімшарттың жалпы құнынан 3 пайыз көлемінде Келісімшарт орындалуының кепілі 10 жұмыс күнінен кешіктірілген немесе тапсырылмаған жағдайда, Мердігермен конкурсқа қатысуға енгізілген 1% көлеміндегі қамтамасыз ету сомасы облыстық бюджетке аударылады.

Шартты орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін мемлекеттік сатып алу туралы шартта авансты төллеу көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөошерінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілейді.

Егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс аванс төлеу көзделген жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді аванқа тең мөлшерде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілейді, ол мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем болмауы тиіс.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім баруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы.

1.Тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотка енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2.Банктік кепілдік.

11. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін Мердігер 10 күн ішінде Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын жүргізу бойынша конкурстық өтінімге сәйкес жұмыстардың орындалу тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

12. Мердігер осы Келісімшарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін өндіріс кестесіне сәйкес, сондай-ақ, жұмыс комиссиясының оң қорытындысы туралы актісі мен нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссияларының толық қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін аяқтауға міндеттеме алады.

Талаптардың құқығы мен міндеттері

13. Тапсырысшы Мердігерге құрылыс алаңын беруге міндетті.

14. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар анықталған жағдайда, ақауларды қалпына келтіру мерзімін көрсетумен Мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді, ал Мердігер өз есебінен оларды белгіленген мерзім ішінде жоюға міндетті.

15. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған қандайда бір залал немесе кандай да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және Мердігер кандай да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

16. Мердігер қоршаған ортаға эмиссиялар үшін экологиялық рұқсат алуға міндетті.

17. Мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және ...ыска қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын ...ындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

18. Бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, құрылысты материалдармен, сондай-ақ жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мердігер мойнына алады.

19. Мердігер орындау кезінде Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, жұмысшылардың өліміне, сондай-ақ нысандағы жұмыстар өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілікте болады.

20. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. Мердігер Келісімшарт бойынша қаржыларға, әдістеріне техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігі мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.

21. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, ресурстарды және өзге де позицияларды: жанбырға, су тасқынына,аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Осыған орай, кеткен барлық шығындар Мердігерге Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

22. Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапалы және техникалық ерекшеліктерге және жобалау -сметалық құжаттамаларға сәйкес болуына және кемшіліксіз, ...мыстар сапасының ЖСҚ талаптарына сай орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса, аталған жұмыс акау деп танылады.Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

23. Мердігер нысанға жеткізілуі тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп берілуін, (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға міндетті.Тапсырысшы жеткізіп беру , өңдеу сақтау және тасымалдау қаражаттарының. құралдарының, тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.

24. Мердігер учаске аумағындағы барлық қоқысты тазартып,жедел түрде тәртіпке келтіріп, таза ұстауы тиіс.

25. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мергерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Келісімшарт талаптарын өзгертпейді.

Мердігер келісім шартта қаралған жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлік мұндай рұқсатты алу үшін Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының нотариалдық растаған көшірмесін қосымша тіркеп, қосалқы мердігерге беру жоспарланған ...ұмыстарды тізімі мен көлемдерін көрсете отырып , ресми сұрауларды жолдайды. Тапсырыс беруші қосалқы ...рдігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзгеде құжаттарын сұратуға құқылы

26. Нысанда Қосалқы мердігерлер болған жағдайда.Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп орындауы тиіс.

27. Мердігер Келісімшарт негізінде Тапсырысшының алдында өзімнің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлер жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ Келісімшарт аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілік алады.

28 Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдауы тиіс.Бұл адамдар өзге адамдарға ауыстырылған жағдайда Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс.Жаңа қызметкерлердің біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерге санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

29. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Обьектідегі жұмыстарды орындаудан аластатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс обьектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланыска түспеуі қажет.

30. Мердігер жұмыстарды Келісім шарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті. Мердігер құрылыс нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

31. Мердігер жұмыстарды Келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті.Мердігер құрылыс нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жұмыстардың аяқталу күні Мердігердің өндіріс кестесіне сәйкес,барлық жұмыс түрлерін аяқтап, тапсырыс берушіге барлық комиссия мүшелері қол қойған нысанды пайдалануға қабылданған актісінің (мемлекеттік қабылдау актісі) ұсынылған күні болып есептеледі.

Нысанның (объектінің) пайдалануға берілгендігі туралы актіге қол қойылған күн мемлекеттік қабылдау комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы қабылданған объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.

32. Мердігер пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша барлық шығындарды (құрылыс жабдықтарының, құрылыс-монтаждау жұмыстврының, технологиялық) пайдалануға қабылдайтын мекеменің құзырына өткізі-қабылдау актісі негізінде тапсыруға міндетті.

33. Мердігер Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы қызметкерінің салынып (кеңейтіліп, жаңғыртылып,күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз кіруін және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс – монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті.

34. Мердігер Келісім шартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны жөнінде жазбаша хабарлама береді.Тапсырыс беруші инжинирингілік қызмет көрсетуші -инженерді қатыстыра отырып, бес күннен кем емес мерзімде аяқталған жұмыстарды бағалау жөнінде комиссия (жұмысшы комиссиясын) тағайындайды.

35. Жұмыс комиссиясы ескертпе ретінде анықталған ақаулар мен орындалмаған жұмыстардың тізімін құрайды және оларды жою мерзімін белгілейді. Ескертпелер жойылған күні жұмыс комиссиясының он қорытындысы берілген күні болып табылады.

36. Нысананың қалыпты жұмысының және оған көрсететін жабдықтардың жобалық-сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысана пайдалану күнінен басталып 12 ай ұзақтылығымен белгіленеді (егер Мердігер конкурстық өтінімде бұдан ұзақ өзге мерзімін өзгертпесе), қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілгенін қоспағанда.

37.Мердігер нысан пайдалануға қабылданған күннен бастап пайдалануға қабылдайтын Ұйыммен Кепілді мерзімі туралы келісім жасауға міндетті.

38. Кепілді мерзімі кезеңінде нысананың қалыпты жұмысына мүмкіндік бермейтін кемшіліктер мен ақаулар анықталса, онда мердігер анықталған кемшіліктерді жоюды өз есебінен жүзеге асыруға міндетті. Мұндай кемшіліктерді Мердігер пайдалануға қабылдайтын ұйымен арада түзілген кепілдік туралы келісімде көрсетілген жерді жояды.

39. Егер Мердігер келісімшарт талаптарын бұзып түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ, Мердігер жобалық-сметалық құжаттамаларына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса тапсырысшы орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде алдын ала өкім бере алады.

40. Мердігер жергілікті қамтуды, яғни еңбек ақы төлеуді сондай-ақ, материалдар мен жабдықтарды отандық өндірушілерден сатып алуды конкурстық өтінімге сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.

41. Егер форс-можорлық жағдайлар орын алса немесе тапсырыс беруші ұсынған ауытқулар бойынша атқарылатын жұмыстар қосымша мерзімді талап етсе, сондай-ақ, егер жұмыстарды орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайда, ол жұмыстарды орындау мерзімі ұзартады. Бұл ретте Мердігер қолданыстағы заңдамалардың талабына сәйкес, тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге тиіс.

Игерілмейтін күштің әрекеттері.

42. Тараптар осы Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де игерілмейтін күштің салдарынан жұмысты орындауға мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылыстар, өрт, әскери қимылдар, Келісімшарттың міндеттемелердің орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

43. Фор-мажорлы жағдайлар орын алғанда, осындай жағдай болған Жақ басқа тарапты аталған жағдайдың орын алуы жөнінде 5 (бес) жұмыс күннен кеш уақытта құзуретті органмен расталған хатпен жазбаша түрде хабардар етеді.

Келісімшартты өзгертумен толықтыру тәртібі.

44. Келісім шарт енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егерде олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса заңды күші бар.

45. Тапсырыс беруші мынандай жағдайларда келісім шартта көрсетілген мерзімге дейін келісім шартты бір жақты бұзуға құқылы:

1. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс монтаждау жұмыстары басталатыны жөнінде хабарлама тапсырысшы мен белгілегенген мерзімі (10 жұмыс күн) өткеннен кейін 10 күн ішінде Мердігер жұмысқа кіріспесе;
2. Мердігердің кінәсінен бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесінен қалу фактісі бір реттен аса бұзылса;
3. Мердігердің кінәсінен бір реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасы төмендесе;
4. Мердігер Тапсырыс берушінуң рұқсатынсыз 10 күннен аса жұмыс тоқтатса;

5. Мердігер ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер белгіленген уақыт ішінде жоймаса;

6. Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкроттқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

7. Мердігер жобалау құжаттамасында және Келісім шартта көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерімен нұсқаулықтарын ескермейтін болса;

8. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің 2/3 бөлігінен шарт жасасқан жағдайда;

9. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымды Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатсыз жұмыстарды орындауға жіберсе;

10. Тапсырыс беруші құрылыстың кейінгі қаржыландыру мүмкіндігін тоқтатса;

11. Мердігер осы келісім шарт бойынша өзге де міндеттемерді орындамаса;

46. Келісімшартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 10 күн алдын ала жазбаша хабарлайды.(ескертеді)

47. Келісімшарт бұзылса Мердігер жұмысты дереу тоқтатып белгіленген тәртіппен (қабылдау өткізу актісімен) Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

48. Егер Келісім шарт осы Келісім шарттың 45 –ші тармағы негізінде бұзылса, Тапсырыс беруші айыппұл санкцияларын, тұрақсыздықты шегере отырып Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыствр үшін қалған соманы төлейді. Егер Келісім шартты бұзумен байланыста аыйппұл санкциялары, тұрақсыздықтар Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырмасы Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күн ішінде төлеуге жататын борышты құрайды.

49. Келісім шартты бұзуға байланысты бұзуға байланысты қаржылық есеп шешілгенге дейін нысанадағы барлық материалдар мен жабдықтар, сондай-ақ, уақытша құрылымдар мен орындалған Құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және оның иелігінде болады.

50. Алдыңғы жылға нысананың құрылысына бюджеттен қаржылындыру тоқтатылса (бюджетте тиісті қаражаттың болмау салдарынан), Келісім шарт осы жылға түзілмейді және Мердігер осы негіздер бойынша дау көтермейді.

51. Осы Келісім шартта тікелей қаралмаған міндеттемелер мен құқықтар ҚР заңдамаларымен реттеледі.

52. Мердігер мен осы Келісім шартта көзделген Міндеттемелер орындамаған не тиісті дәрежеде орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз болады.

53. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырыс беруші мен Меодігердің ресми келіс сөздері тек жазбаша түрде ғана күші бар.

54. Осы Келісімшарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

55. Осы Келісімшарт әр тарапқа бірдей заңды күші бар 2 данада құралған, яғни әр тарапқа біреуден құралған.

56. Осы Келісімшарт бойынша туындаған барлық даулар өзара шешілмеген жағдайда Оңтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады.

57. Тараптардың мекен жайы мен реквизиттері:

Қызмет көрсетуші:	Тапсырыс беруші:
ЖШС «Сәулет – Құрылыс – У.М.» Отырар ауданы Шәуілдір а-ы Маметова к-сі № 2А БСН: 040840003119 ISO 13616:IBAN(ЖСК) KZ9584906KZ006087388 ISO 9362: BIC (БСК) NURSKZKX «Нұрбанк» АҚ-ның Шымкент қаласы филиалы	**«Асықата кенті әкімі аппараты » ММ** БСН 990240006703 Ысқақов көш №38 ISO 13616: IBAN (ЖСК) KZ10070103KSN5810000 ISO 9362: BIC (БСК) KKMFKZ2A ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ ММ коды 1233615

Директор _____ **М.Умбеталиев** **Әкім м.у.а** _____ **Б.Сериков**

қолы (аты-жөні) қолы (аты-жөні)

Асықата кенті 06 желтоқсан 2013ж

Акт

Біз төмендегі комиссия, төрағасы әкім орынбасары М.Байтемиров. мүшелері: Бас маман-тұрғын үй коммуналдық шаруашылық У.Кантемиров, бас маман- заңгер С.Журкабаев, бас маман-есепші Б.Касымов. Ардагерлер кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)- А.Қадырханов. «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы және . ҚР „Мемлекеттік сатып алу туралы“ №303 Заңының 32 бабының 2 тармағына сәйкес осы қорытындыларын бекіту туралы жылдың № 15 20.08.2013ж хаттамаға сәйкес келісім шартқа тұрып қаражатқа ЖШС "Сәулет-Құрылыс" алынған Асықата кентін абаттандыру жумыстарын смета бойынша істелгеніне растап қол қоямыз.

Наименование работ и затрат	Ед. изм.	Кол-во.
Скамья прямолинейная, секция ПС-1, стройтельные работы (скамья)	шт	8,0
Скамья прямолинейная, секция ПС-1, монтаж (скамья)	шт	8,0
Урна типа II, стройтелные работы (урна)	шт	8,0
Урна типа II, монтаж металлоконструкций (урна)	шт	8,0
Арматурные заготовки, не собранные в каркасе и сетки сталь периодического профиля класса А-III, d 14 мм	кг	3,5
Конструкция стальные из одного профиля	т	1,52
Установка поребрики при других видах покрытий	м	628,0
Стоймость поребрика БР 100.20.08 М-300	м3	10,05
Устройство подстилающих и выравнивающих слоев оснований из песка ГПС	м3	170,0
Устройства мостовых мозайковых с заполнением швов цементным раствором при высоте мозайковой шашки 5 см	м2	702,0
Стоймость плитки тратуарной толщины 5см	м2	702,0
Устройства железобетонных фундаментов общего назначения обьемом до 5 м3 под опор освещения	м2	5,0
Установка светофоров	шт	8,0
Прокладка трех кабелей сечением до 10 мм2 закрепляемых на троссе	м кабеля	366,0
Прокладка кабеля сечением до 10 мм2 закрепляемых на троссе	м кабеля	50,0.
Светофор	шт	8,0
Кабель АВВГ 4х10	м	366,0
Кабель АВВГ 4х10	м	50,0
Устройство железобетонных фундаментов опор освещений	м3	4,0
Установка опор освещений	т	8,0
Мотаж светильников	шт	8,0
Прокладка трех кабелей сечением до 10 мм2 закрепляемых на троссе	м кабеля	300,0

Прокладка кабеля сечением до 10 мм2 закрепляемых на тросе	м кабеля	190,0.
Установка групповых осветительных щитков массой до 10 кг на конструкции в готовой нише или на стене	шт	1,0
Столб для РКУ	шт	8,0
Свентильник РКУ-33-250-003	шт	8,0
Лампа ДРЛ 250	шт	8,0
Щит ЩРВ-комплект 380кВт	шт	1,0
Кабель АВВГ 4х10	м	300,0
Кабель АВВГ 4х10	м	190,0

Включить

Наименование работ и затрат	Ед. изм.	Кол-во.
Разрботка грунта 2 группы с погрузкой на автомобили-самосвалы экскаваторами с ковшом вместимостью 0,5 м3 вручную	м3	35,0
Перевозка грузов автомобилями-самосвалами/работающими вне карьеров/, растояние перевозки 3км, класс груза 1	т	28,0
Устройство подстилающих и выравнивающих слоев оснований из песка ГПС	м3	4,5
Трубы бесшовные холоднодеформированные из коррозионно-стойкой стали, марки 12Х18Н10Т/8443/,57*2,00мм	10м	9,0
Заглушки диаметром 30см	шт	1,0
Светофор		
Установка светофоров	1т	1,0
Светофор	шт	2,0
Знаки дорожные	шт	8,0
Благоустройства		
Разборка покрытий и оснований асфальтобетонных	м3	40,0
Установка металического ограждения	м	50,0
Пешеходные тратуары		
Устройства уплотняемых трамбовками подстилающих слоев бетонных	м3	25,0
Устройства бетонных покрытий толщиной до 30мм до 50мм	м2	516,0.
Добавлять или исключать на каждые 5 мм изменения толщины бетонных покрытий	м2	516,0
Устройства оснований под тратуары из кирпичного или известнякового щебня толщиной 12 см	м2	516,0

Исключить

Наименование работ и затрат	Ед. изм.	Кол-во.
Арматурные заготовки, не собранные в каркасы и сетки: сталь периодического профиля класса А-III, d 14 мм	т	3,5
Конструкции стальные из одного профиля	т	1,52
Устройства мостовых мозайковых с заполнением швов цементным раствором при высоте мозайковой шашки 10 см	м2	998
Стоймость плитки тратуарной толщины 5 см	м2	998
Устройства лотков с заделкой стыков цементным раствором при высоте мозайковой шашки 10 см	м3	14,88
Лотки арочные Л-3	м3	14,88
Прокладка трех кабелей сечением до 10 мм2 закрепляемых на тросе	м кабеля	266
Кабель АВВГ 4х10	м	266
Устройства железобетонных фундаментов общего назначения объемом до 5 м3 под опор освещения	м3	2,5
Установка опор освещений	1т	1

Комиссия төрағасы: **М.Байтемиров**

Мүшелері: **У.Кантемиров**

С.Журкабаев

Б.Касымов

Ардагерлер кеңесі (келісім бойынша):

Төрағасы: **А.Қадырханов**

ЖШС "Сәулет-Құрылыс"

Төрағасы: **М.Үмбеталиев**

ЖК"А.Калмень"

Төрағасы: **А.Калмен**